

Басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысының әкімдігінің 2014 жылғы 22 шілдедегі № 37/01 қаулысы. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 30 шілдеде № 2701 болып тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2015 жылғы 12 маусымдағы № 32/07 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 12.06.2015 № 32/07 (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 29 мамырдағы № 575 "Басым дақылдар өндіруді субсидиялау арқылы өсімдік шаруашылығы өнімінің шығымдылығы мен сапасын арттыруды, жанар-жағармай материалдарының және көктемгі егіс пен егін жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын және ауылшаруашылық дақылдарын қорғалған топырақта өңдеп өсіру шығындарын субсидиялау қағидасын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қарағанды облысының әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1 . Т ө м е н д е г і :

1) басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесі осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес;

2) көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетті жанар-жағармай материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары осы қаулының 2-қосымшасына белгіленсін.

2. "Басым дақылдардың тізбесін, субсидиялар нормаларын, субсидияланатын тыңайтқыштар мен гербицидтердің түрлерін белгілеу туралы" Қарағанды облысы әкімдігінің 2013 жылғы 24 маусымдағы № 40/07 қаулысының (2013 жылдың 2 тамызында № 2378 Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген, 2013 жылғы 17 тамыздағы № 141-142 (21 547) "Орталық Қазақстан" және 2013 жылғы 17 тамыздағы № 116 (21 449) "Индустриальная Караганда" газеттерінде жарияланған) күші жойылсын деп танылсын.

3. "Басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесін және субсидиялау нормаларын белгілеу туралы" қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің

жетекшілік жасайтын орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қарағанды облысының әкімі

Н. Әбдібеков

КЕЛІСІЛДІ

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
А у ы л ш а р у а ш ы л ы ғ ы м и н и с т р і
А . М а м ы т б е к о в

25 шілде 2014 жыл

Қ а р а ғ а н д ы

о б л ы с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е д е г і

№

3 7 / 0 1

қ а у л ы с ы н а

1-қосымша

Басым ауылшаруашылығы дақылдарының тізбесі

р/н №	Басым дақылдардың атауы
1.	бидай
2.	арпа
3.	сұлы
4.	бұршақты дақылдар (нұттан басқа)
5.	көпжылдық шөптер
6.	біржылдық шөптер
7.	сүрлемдік жүгері
8.	майлы дақылдар
9.	көкөністік бақша дақылдары
10.	1-ші жылы тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөністік бақша дақылдары және картоп
11.	2-ші жылдан бастап тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөністік бақша дақылдары және қағ
12.	картоп
13.	қорғалған топырақтағы көкөністер (2 - дақыл айналымға)

Қ а р а ғ а н д ы

о б л ы с ы

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 4

ж ы л ғ ы

2 2

ш і л д е

№

3 7 / 0 1

қ а у л ы с ы н а

2-қосымша

Көктемгі егіс және егін жинау жұмыстарын жүргізуге қажетгі жанар-жағар май материалдары мен басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандатуға арналған субсидиялар нормалары

--	--	--

р/н №	Басым дақылдардың атауы	1 гектарға бюджеттік субс нормалары, теңге
1.	бидай	300
2.	арпа	3 383
3.	сұлы	3 000
4.	бұршақты дақылдар (нұттан басқа)	3 000
5.	көпжылдық шөптер	5 000
6.	біржылдық шөптер	5 000
7.	сүрлемдік жүгері	10 000
8.	майлы дақылдар	3 300
9.	оның ішінде зығыр	2 300
10.	көкөністік бақша дақылдары	14 500
11.	1-ші жылы тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөністік бақша дақылдары және картоп	150 000
12.	2-ші жылдан бастап тамшылатып суару жүйесін қолданып өсірілген көкөністік бақша дақылдары және картоп	25 000
13.	картоп	4 500
14.	қорғалған топырақтағы көкөністер (2 - дақыл айналымға)	4 000 000

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК